**Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының**
**№1 хаттамасы**

**Өтілген күні:** 26.09.2023 ж
**Өту уақыты:** сағ.16.00-де
**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі
сынып жетекшілер
ата-аналар
**Барлығы:** 21 ата-ана

**Тақырыбы: «Отбасы - бақыт аясы»**

**Күн тәртібінде:**
1. Жаңа оқу жылының басталуы.
*а) Жаңа 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру.*
*б) Ата-аналар комитетін сайлау.*
Мектеп директоры: Г.Е.Какимова
2. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру. (*Мектеп формасы жайлы. Мектепте санитарлық нормаларды сақтау бойынша. Мектепте ыстық тамақтануды ұйымдастыру жағдайы)*
Директордың оқу ісінің орынбасары С.Т.Амиркенова
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова
3. «Жаз-2023» есебі.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова
4. Құқықбұзушылықтың барлық түріне жататын іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы. Кешкі рейд жұмысымен таныстыру. Оқушылардың сабаққа қатысуы.
Мектеп психологы Н.А.Кекина
Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың құқығын қорғаушы инспекторы Б.Ж.Ергалиева
5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмысы. «Даналық мектебі» жұмысы.

1.Тыңдалды: Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Г.Е.Какимова ата-аналармен сәлемдесіп, жиналыстың күн тәртібімен таныстырған соң 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен, мақсат, міндеттерімен таныстырды.
Биылғы оқу жылына жаңадан мектепішілік ата-аналар комитетінің төрайымын сайлау керек екеніне тоқталды. 1-9 сынып ата-аналар комитетінің ішінен сайлау керек екенін айтты.
2. а) Екінші сұрақ бойынша директордың оқу жөніндегі орынбасары С.Т.Амиркенова 2023-2024 оқу жылындағы өзгерістермен ата-наларды слайд арқылы таныстырып өтті. Өткен оқу жылында қанша оқу озаты, оқушылар үлгерімін пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.
б) екінші сұрақтың келесі қаралған тақырыбы бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова мектептегі санитарлық нормаларды сақтау, мектеп формасы бойынша және мектепте ыстық тамақтануды ұйымдастыру жағдайы болды. Жалпы мектепте санитарлық талаптар әрқашан болады, оны біз жылда ескертіп айтып отырамыз. Мектеп формасына келетін болсақ, оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев тамыз айында айтқаны бойынша еш өзгеріс жоқ. Мектеп формасының түсі қаракөк болуы керек. Ал ыстық тамақпен қамту бойынша биылғы оқу жылында

бастауыш сыныптардан 26 оқушы қамтылған. Оның ішінде оқушы аз қамтылған отбасынан болғандықтан ас мәзірінде де қосымша бар.
3. Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова сөз алды. Ол өз сөзінде «Жаз-2023» бағдарламасы бойынша есебін берді. Жазғы мектеп жанындағы лагерьде 1-4 сынып оқушылары «Балауса» лагерінде демалды. Ал мектеп жанындағы үлескіде 5-9 сынып оқушылары гүлдерді суарып, түптеп, баптады. Жақсы жұмыс істеген оқушылардың ата-аналарына алғысын білдірді.
4.Төртінші сұрақ бойынша құқықбұзушылықтың барлық түріне жататын іс-әрекеттердің болдырмауының алдын алу шаралары бойынша мектеп психологы Н.А.Кекина мен кәмелет жасқа толмаған оқушылардың құқығын қорғаушы Б.Ж.Ергалиева ата-аналарға арнайы презентаци, видеороликтер көрсетіп, ата-аналарға пайдалы кеңестер берді. Кешкі рейдтер кесте бойынша атқарылады. Оқушылар түнгі уақытта көшеде жүрмеулерін қараңыздар. Оқушылардың сабақты себепсіз босатпауын қадағалаңыздар.
5. Тыңдалды: мектеп директоры Какимова Г.Е. Гульдана Ертаевна биыл оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» мен «Даналық мектебі» ашылып, жұмыс жоспары құрылғаны туралы айтып өтті. Жауапты мұғалімдер белгілі. Барлығы жоспарға сай жұмыстарын жасайды. Сіздердің де осы ісшара, отырыстарға

**Шешім:**

1. Оқушылардың жылдық үлгерімі мен тәртібінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Құқық бұзушылықтың барлық түріне жататын іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелінсін.
3. Оқушылардың еңбекке баулу, ата-аналармен бірлескен жұмыс жандандырылсын.
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектебі» жұмысы жалғастырылсын.

ДТІЖО: /Ахметова Г.Ш./
Хатшы: /Батырханова Р.Т./